

FTAMP 16.01.09

[https://doi.org/ 10.63051/kos.2024.4.318](https://doi.org/10.63051/kos.2024.4.318)

*¹Сабыр М.Б.  ²Раманова А.А.  ³Магауова А. 

^{1,2}Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан

³Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,
Орал, Қазақстан

e-mail: ¹sabir_uralsk@mail.ru, ²ramanova2008@mail.ru, ³magauova.aigul@mail.ru

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ДӘУІРІ ЖАЗБА МҰРАЛАР ТІЛІНДЕГІ ДІНИ ЛЕКСИКАНЫҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ СИПАТЫ

Аңдатпа. Зерттеу еңбекте орта түркі дәуірінде Жошы хан іргесін қалаған ұлы империяның тұсында жарыққа шыққан жазба жәдігерліктер, оның ішінде Құтыптың «Хұсрау мен Шырын», Сейф Сарайдың «Гүлстан бит-турки» поэмалары, Хорезмидің «Мұхаббат-намесі», «Ортаазиялық тәпсір» және Махмуд бин Али әл-Бұлғари әл-Кердерінің «Нахдж әл-Фарадис» атты әдеби көркем шығармаларының мәтініндегі діни лексика рухани-мәдени құбылыс ретінде терең талданған

Зерттеу барысында көзделген негізгі мақсат Алтын Орда -Жошы ұлысы мемлекеттігінің рухани-мәдени қалыптасуына және осы ұлы шаңырақтан дараланып шыққан, ұлт болып жетілген, толысқан қазақ жұртының асыл арнасы мәдени үдерістаерді жазба жәдігерліктерге сүйене отырып, тың тұжырымдар жасау. Ол үшін мәтіндерде ұшырасатын діни-танымдық лексемалар жан-жақты қарастырылды.

Араб-парсы кірме сөздерінің негізінде қалыптасқан діни лексика сол замандағы орта түркі жазба әдеби тілінің қалыптасуына және сол тілде сөйлеген халықтың мұсылманшылық жолының анықталуына әсер еткені этномәдени тұрғыда сипатталды. Діни тілдік бірліктер бірнеше лексика-семантикалық топтарға бөлініп, зерделенді.

Зерттеу барысында діни лексиканың белгілі бір қабаты осы түркілік тілдің негізінде қалыптасқаны анықталды, тілдік деректермен айшықталып, көрсетілді. Тарихи-салыстырмалы әдістер қолданыла отырып, *йаратқан, уган, изи, йалаваиш* т.б. бірнеше сөздер талқыға түсті. Қазіргі қазақ тілінің лексикалық қорынан орын алған діни-танымдық тілдік бірліктер белсенді қолданыста екені анық. Сонымен қатар олардың қазақ жұртының имани, инсандық қалыптасуының этномәдени тірегі, арнасы болғандығы ғылыми тұжырымдалды.

Алғыс: Мақала 2023-2025 жылдарға арналған «Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілі – рухани, мәдени құндылықтар әлемі» атты ҚРҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан жоба аясында жазылған (AP19679282).

Түйін сөздер: Жошы ұлысы, жазба ескерткіштер, діни лексика, этномәдениет, қыпшақтар, араб-парсы тілі.

Кіріспе

Соңғы уақытта елімізде Жошы ұлысының 800 жылдығы кең көлемде аталып, өтуде. Дегенмен тарихи даталарды даңқ пен дақпырт етіп тойлаудан гөрі ой ойлау маңызды. Мемлекеттігіміздің терең тамырларын, ұлттығымыздың ұлы арналарын тарих тозаңынан, саясат салқынынан аршып, ұлттық мүдде тұрғысынан қарастыратын белсенді, өзекті ғылыми зерттеулердің рухани өмірімізге қосар үлесі мол.

Қазақстан Республикасының президенті Қ.К.Тоқаев еліміздің батыс өңіріндегі күре

тамыры, байырғы Жайық жағасында оздырылған III Ұлттық құрылтайда өзекті мәселелерге тоқтала келе «Біз болашаққа сеніммен қадам басу үшін төл тарихымыздың ауқымы кең екенін толық сезініп, мәдени мұрамызды сақтап, оны дәріптеуіміз қажет. Қазақстан – Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің тікелей мұрагері. Жер жүзіне Алтын Орда деген атпен танылған әйгілі Жошы Ұлысы Орталық Еуразияның байтақ даласындағы ең қуатты мемлекет ретінде мойындалған. Осы ортағасырлық державаның геосаяси мұрасы бірқатар Еуразия мемлекетінің, соның ішінде Қазақ хандығының құрылуына негіз болды» деп сөз саптады (Тоқаев, 2024: 2).

Жошы ұлысының титулды жұрты түркі-қыпшақтардың инсандық келбетіне, рухани мәдениетіне және осы отадан өрбіген қазақ этносына бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығартып елдікке бастаған рухани-мәдени процестерді орта ғасырлық әдеби поэзиялық, прозалық мұралардың тілдік деректеріне арқа тіреп, ғылыми тұжырымдарға келу табысты болмақ.

Бұрынғы ғылыми әдебиеттерде қалыптасқан Жошы ұлысы моңғолдар негізін қалаған феодалдық мемлекет деген қасаң пікірлерден арылып, тар ауқымнан атап өту қажет екендігі заманның өзі тудырып отырған көкейкесті шындық. Тарих қойнауындағы Ұлық Ұлыс – Жошы ұлысы немесе ұлы орыстық және кейінгі Советтік ғылымда Алтын Орда болып аталған ұлы империя өз заманында рухани-мәдени әлеуеті мықты жетілген, қалыптасқан, мемлекеттік жүйесі орныққан, алыс-жақын елдермен саяси байланысы реттелген, шекарасы бекіген дамыған ел еді. XIII-XV жүзжылдықтарда керуен жолдары қалыптасқан, саудасаттық, экономикалық қатынастары жолға қойылған, ғылымы мен әдебиеті дамыған, қала мәдениеті өркендеген ел рухани сенімі ислам діні болған түркі-қыпшақтардың негізгі отаны болды.

Жазба мұрағаттардың білігірі, көрнекті түркітанушы Эмир Наджип Жошы Ұлысы территориясында көптеген ірі қалаларда ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысатын астраном, математика, альхимик ғалымдар, әдеби көркем поэзиялық, прозалық шығармалар тудырған жазушылар, шабытты шайырлар, елді иманға ұйытқан дін өкілдері шоғырланғандығы туралы мәліметтерді араб -парсы жиһанкездері, тарихшылары келтіріп кеткендігін айтады (Наджип, 1975: 29).

Қазіргі заманда тарих және тіл, әдебиет ғылымында ғылыми айналыста талқыланып жатқан Жошы Ұлысы – Алтын Орданың материалдық және рухани мәдениеті, жазба мұралары өскен өркениеттің, толысқан, тұрақтаған дүниетанымның этномәдени келбеті.

Алаш десе аттанып, қазақ десе мақтанатын қазақы әлемімізден, үлкенді сыйлап, кішіні құрметтейтін, сөзі мен ісі егіз өрбейтін ұлттық кодымыздан қол үзіп қалмауымыз үшін рухани бай дүниетанымымыздың өткен тарихын және бүгінгі болашағын сабақтастыра қарастыру қажеттілігі туындап отырғаны сөзсіз.

Сол дүниетанымның тілдік дерегі Ноғайлының ауыр жұрты Жошы Ұлысының дәргііне бағынған аумақта қағаз бетіне түскен жазба мұрағаттар.

Күллі Еуразия кеңістігінде қанатын кеңге жайған түркі әлемінің ұлт пен ұлыстарына, оның ішінде жарау атты, сабау қамшылы көне қыпшақтардың заңды жалғасы қазақ жұртының дүниетанымна, рухани мәдениетіне мол әсерін тигізген әдеби көркем және діни-танымдық мұралар. Атап айтсақ, Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы, Сейф Сарайдың «Гүлстан бит-турки» шығармасы, Хорезмидің «Мұхаббат-намесі», «Ортаазиялық тәпсір» және Махмуд бин Алидің «Нахдж әл-Фарадис» атты шығармасы (Бұдан әрі ХШ, Г, Мн, Таф. I, НФ).

Бұл шығармалардың дені қараханидтік жазба дәстүрдің ықпалында болғанымен бірісі қыпшақ тілінің негізінде, бірісі оғыз тілінің негізінде аралас тілдік сипатта жазылған еді. Профессор Б.Сағындықұлы аталған жазба жәдігерліктердің лексикалық сипатын (Сағындықов, 1977: 87)], Ә.Керімов сөз тудырғыш жұрнақтарын (Керімұлы, 1999: 75), А.Ибатов грамматикалық құрылымын (Ибатов, 1983: 121), М.Сабыр қазақ тілімен лексика-семантикалық сабақтастығын зерттеген болатын (Сабыр, 2021: 242). Дегенмен бұл жазбаларды адам-тіл-мәдениет үштігі негізінде лингво-этномәдени танымдық бағытта зерделеу жаңа заман талабы.

Аталмыш жазба жәдігерліктер тілінен байырғы қыпшақ тектес ұлт пен ұлыстардың рухани-мәдени өмірі, дүниетаным дағды-дәстүрлері айқын сезіледі. Олардың негізгі сөздік қорында қарахандық дәуірдің жазба дәстүрінің ізімен қатар оғыз-қыпшақ лексемалары орын алған, одан басқа араб-парсы кірме сөздері ұшырасады. Осы қатарда діни-танымдық лексемалардың белсенді қолданысы байқалады.

Ислам дінін қабылдау үдерісіндегі Жошы Ұлысы саяси-әлеуметтік жағдаяты мен рухани мәдениетінің қалыптасу көрсеткіші. Қазақ жұрты әлмисақтан мұсылман екенін ескерген абзал.

Діни білім мен біліктің көрсеткіші боп тұрған лексемалар ескі қыпшақ пен бүгінгі қазақ жұртының дүниетаным сабақтастығының айнасы, түркітанымдық және теологиялық ізденістердің дерек көзі.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мақсаты Жошы Ұлысы дәуірінде жазылған Құтыптың «Хұсрау мен Шырын», Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Сейф Сарайидың «Гүлстан бит-түрки» поэмалары және «Ортазиялық тәпсір», «Нахдж әл-фарадис» атты діни бағыттағы еңбектер тіліндегі ислами білім мен біліктің көрсеткіші болып тұрған лексемаларды елпекшеп, ғылыми саралау.

Діни лексеманың бойында тұнып тұрған этномәдени мәндер мен танымдық белгілерді зерделеу барысында олардың араб немесе парсылық түп-төркіне назар аударылып, тіл тарихын зерттеуде ежелден қалыптасқан, сыннан өткен сыралғы тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды. Жұмыс барысында ретіне қарай типологиялық салыстыру, баяндау әдіс-тәсілдеріне сүйеніліп, талдаулар жүргізілді.

Талқылау

Еуразияның апайтөс даласында сән мен салтанат құрған, Жошы хан негізін қалап, Бату хан іргесін бекіткен алып империяның негізгі жұрты қыпшақтар болғаны анық. Осы кезеңдегі жазба мұрағаттар тіліндегі діни біліктілікті білдіретін лексемаларды зерделеу байырғы қыпшақтардың дүниетанымынан мол ақпарат береді.

Байырғы қыпшақ қоғамында тамыр алып, ал бүгінгі қазақ қоғамында белсенді сипат ала бастаған діни лексемаларды қазақ рухани-мәдениетімен аастастыра қарастыру лингвотеологиялық зерттеулерді жаңа деңгейге шығарып отыр (Мансұров, 2023: 38). Орта ғасырларда, Жошы Ұлысы кезеңінде әдеби ортада белгілі болған көркем әдеби шығармалармен қатар діни-танымдық мұралар зерттеу нысаны болса нәтижелі болмақ

Мәселен, «Ортаазиялық тәпсір» өте құнды мұрағат, қасиетті Құран кітаптың түркі тіліне жолма-жол аудармасы, сонымен қатар жалпы халықта түсінікті мәліметтер беріліп отырады.

Белгілі зерттеуші В.В. Бартольд осы мұраның мәтінін саралай отырып, XI ғасырда дүниеге келген «Құтадғу білік» сияқты танымал еңбекпен бір заманда жазылған десе (Бартольд, 1927: 14), А.К. Боровков шығарма мәтінінде ұшырасатын түркі-моңғол заманының лексикалық бірліктеріне және грамматикалық құрылымына қарап, XII-XIII жүзжылдықтар шамасында қолданысқа шыққан деп тұжырымдайды (Боровков, 1963: 78).

Жошы ұлысы дәуіріндегі діни-танымдық жәдігерліктің ең шұрайлысы Махмуд бин Али әл-Бұлғари әл-Кердерінің «Нахдж әл-Фарадисі». Шығарма төрт тараудан тұрады. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) және оның сахабаларының өмірі, қызметі баяндалып, халифтер, алғашқы имамдар, пайғамбардың әулеті суреттеледі, ислам дінінің негізгі шарифаттарын түсіндіріледі. Жәдігерлік Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) хадисімен басталады. Жәдігерлікте бастан аяқ имандылық, адамгершілік, адалдық, кішіпейілділік уағыздалады. Әмір Нәжіп «Нахдж әл-Фарадис» орта ғасырлық түркі-қыпшақ тіліне тәржімаланған, поэтикалық туынды. Қара сөзбен жазылған шығарма болғандықтан XIV ғасырдағы түркі тілдерінің лексика-грамматикалық деңгейін толық бере алады деп жориды (Наджиб, 1976: 211). Дегенмен аталмыш жәдігерліктің иесі ғылыми әдебиеттерде Махмуд бин Али немесе Махмуд әл-Бұлғари деп түрлі беріліп жүр.

1934 жылы Қазаннан табылған жәдігерліктің көшірмесінде мынадай ақпарат жазылған: *Сафар айының сәгизинчи күн йылқы йылы эрди, Йети йуз әллик тоқузда Сарай шахрунда эрди. Бу китабны жам қылғучы ал-Алим ар-Раббин Ва-л-Амил ас-Самадани ал-Устад ал-Мутлак Ва- л- Амил ал –Муваххад Махмуд бин Али шаих Ас-Сарайи манишаан ва-л- Булғари мувалладан Ва-л-Курдари ақдан.* Аудармасы: Бұл жылқы жылының сафар айының сегізінші жұлдызы. 759 жылы Сарай шаһарында болатын

Бұл шығарманы дүниеге келтірген, Аллаға мойын ұсынған, Алланың құлы, соның пәрменімен күн көруші, қадірлі ұстаз, бір жаратушыны ғана танушы Махмуд Бин Али, шығу тегі Сарай шейхі, Бұлғарда туылған, Курдарыға қатысты.

Курдары жазушының рулық тегін білдіреді. Осы Курдары қазақ ұлтының кіші жүз, жеті руының құрамына кіретін Кердері руының атауы болуы әбден мүмкін. Осындай тұжырымды Әмір Нәжіп те білдірген. Кердері тайпасы қазақ жұртының ежелгі руларының бірі, жартылай көшпелі, жартылай отырықшы болып, қалалық жерлерді мекендеген. Кердеріден ақын жыраулар, ғалымдар, әулиелер көп шыққан.

Жошы Ұлысы Берке хан тұсында (1257-1266 ж.) ислам дінін ресми қабылдаған болатын. Елдік рухани өмірінде мұсылманшылықтың мәдени ықпалы зор болды. Орта ғасырлардағы ғалымдар мен шайырлар түркі тілімен қоса ғылым-білім және поэзия тілі болған араб-парсы тілдерін жақсы игеріп, өз туындыларында, аудармаларында ұйқас үшін де, тәптіштеп түсіндіру үшін де сол тілдің лексемаларын әдейі қолдануды үрдіс еткен. Мұсылманшылық Ұлыстың бар қиырына тараған сайын түркі-қыпшақтар өмірінде, тұрмысында араб, парсы кірме сөздерін пайдалану көбейді және жалпыхалық оларға мейлінше үйренді (Көпрүлү, 2017: 145-146). Орта ғасырлардағы жазба ескерткіштердің тілі қыпшақ-оғыз аралас тілді сипатта болып, Жібек жолы бойындағы мәдени, діни қарым-қатынастардың ықпалымен араб-парсы элементтерін бойына сіңірген әдеби тіл салтанат құрды. Осы әдеби тілдік дәстүр кейінгі қазақ әдеби тілінің қалыптасуына игі әсерін тигізді.

Жошы ұлысы тұсындағы көркем әдеби шығармалармен қатар Махмуд әл-Бұлғари әл-Кердерінің «Нахдж әл-Фарадис» жәдігерлігі тектес діни-дидактикалық шығармаларда діни лексема жиі қолданылады. «Нахдж әл-Фарадистің» әр бөлімінде араб тілінде тұтас хадистер орын алған және оның аудармасын беріліп отырады. Келесі кезекте аңыз, әңгімелер арқылы түсіндірмесін береді.

Орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегі діни лексиканы бірнеше лексика-семантикалық топтарға бөліп қарастыруға болады. Мысалы, **Алла атына айтылған марапат эпитеттер:**

Хақ [Г, XIII, НФ] – анық, шындық. Тақы жумласыдын хаққа сығынды – олар хаққа құлшылық етті (НФ,4869); *Тағала* [Г,Мн,ХШ,НФ] – жаратушы; *Хақ Тағала* [НФ] – анық, күдіретті. Хақ тағаладын хитаб кәлди – хақ тағаладан бұйрық келді (НФ,30а3) *хақ тәбарәкә уа тағала* – нақ шындық, аса жоғары; *Халиқ* [Г,Мн,ХШ] – жаратушы. Халайық севгәнин халиқ севәр хәм – халық сүйгенді жаратушы да сүйер (Мн,301611); *Халлақ* [ХШ] – жаратушы. Хич әксүксиз йаратмыш аны халлақ – оны еш кемшіліксіз жаратқан оны жартушы (ХШ,762); *Рабб//рәбб* [НФ] - құдай, жаратушы, әмірші. Мен айдым: мәним рағбатым тақы мухаббатым раббумга турур – мен айттым: менің ниетім мен махаббатым жаратушыға бағытталған (НФ,33а13); *раббел аламин* – әлемді бағындырушы (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 18); *Раббул ғыйзза* – күдіретті жаратқан (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 264); *Раббул-ғазиз* – ұлы Жаратушы (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 65); *Илаһ* – Алла (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 23); *Әкрамул әкрамин* – жомарттардың жомарты [5, 18]; *әрхамур рахимин* – мейірімділердің ішінде мейірімді (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 366); *Алах ағлам* – бәрін білуші (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 203]. Аталмыш бірліктер негізінен әл-фусқа, араб әдеби тілінен алынған, Қасиеті кітап Құрандағы сөз қолданыстарға өте ұқсас, дәлме-дәл. Бір топ сөз қолданыстары қазіргі қазақ тілінің тұла бойына ерте замандардан сіңісіп, дүниетанымды, рухани наным-сенімді айғақтайтын көркем мазмұнды оралымдардың өрістеуіне тірек болған: Айтар болсақ, *Алла тағала, Хақ тағала, Алла қолдасын, Алла көтерсін* т.б. «Адамнан сұрасаң екі көзің шығады, Аладан сұрасаң екі бүйірің шығады», «Аллаға ұнаймын десең азаның болсын, жұртқа жағамын десең қазаның болсын» деген мақал-мәтелдердің өзі қазақ жұртының діни таным-түсінігінің белгісі.

Сонымен қатар парсы тілінен тамыр алған *Ходай Тағала* – Жаратушы Құдай, *паруардигар* – бағып-қағушы, тамақтандырушы, дүниеге келтіруші (Алланың эпитеті) сөздері бар: Әй пәруәрдиғарымыз, бизләр өз нафсумузга зулм қылдуқ – О пәруәрдігерім (асыраушы) біз өзімізге өзіміз жамандық келтірдік (НФ,142а2).

Тылсым күш иесі, дүниені тудырушыға байланысты түркі-қыпшақ лексемалары да көптеп ұшырасады: *Таңры//тәңри//теңри* (Г,ХШ,Мн,НФ) – құдай, тәңірі. Таңры тағала бергән ниғматларын көп шүкрлар қылдым – Берген жақсылықтарың үшін Тәңрі тағалаға көп рақмет айттым (Г,90а4). Орта түркі дәуірінде түркі-қыпшақ сөзі *Тәңірі* де Алла атымен жарыса, бірдей дәрежеде пайдаланылғанын аңғарамыз. Жоғарыдағы мысалда *Тәңрі тағала* тіркесі де айрықша оралым. Байырғы қазақ жұртшылығында Алла сөзінен гөрі *Құдай, Тәңір* лексемалары актив пайдаланылғанын күнделікті тұрмыс-тіршілікті, ұлттық дүниетанымды білдіретін фразеологизмдерден, перемиологиялық бірліктерден көреміз: Құдайсыз қурайда сынбайды, Құдайдан қорықпағаннан қорық, Ұра берсең құдай да өледі т.б. Құдайберген, Тәңірберген, Тәңірбек тектес кісі есімдері де бұл тұжырымды нақтылап тұр.

Жаратушы бір Алланы дәріптеген және оның ұлылығына бас иіп қызмет ету, құлшылық ету мәніндегі лексемалар де жазба жәдігерліктерде молынан ұшырасады: Алланың ұлықтығын білдіретін *арш* сөзінің мәні ерекше. Мәселен, Хәтерем теләмеш аршқа (араб.т.: *аршун* – «Алланың тағы, исламдық көзқарас бойынша көлем бірнеше жыл ғаламнан үлкен») таваф қылып ирдем – менің жаным Алланың тағын айналып өткісі келеді [НФ, 3с 48].

Алланы мадақтау, аспандату, асқақтату мағынасында *такбир* [Г,ХШ, НФ] сөзі бірнеше ескерткіште кездеседі: Келибән оқымышың йоқ такбир – келдің, бірақ алланы мадақтамадың (Г,135а2). Бұдан басқа да лексемалар жиі пайдаланылғаны байқалады: *Таухид* [Г] – бір Алланы мойындау немесе Алладан басқа құдайлық жоқ деп қайталау. Дағы хидмат-у таат вә таухид вә тауаккул уә таслим уә тахаммул... – қызмет ету және мойын ұсыну, өзін өзі құрбан ету, бір Алланы мойындау ... (Г,79612); *Тауба //тәубә* [Г,ХШ,НФ] – тәубаға келу, кешірім сұрау. Адам пайғамбар алайхи-с-сәламнун таубасы қабул болды – Адам пайғамбардың тәубасы қабыл болды (НФ, 19616); *Тасбих-у тахлил* [Г,ХШ,НФ] – Жаратушыға мадақ айту.

Не ким тил бирлә ибадат қылыну хамду-л сана мәңизлик тасбих-у тахлил мәңизлик жумласы таңрықа турур – бар адам оған бас ұрады, сыйынады және дәріптейді... (НФ, 3а10); *Ташаххуд* [НФ] – мұсылманшылықты дәріптеу, дұрыс жол деп тану, исламға мадақ білдіру, Алладан басқа құдайдың жоқтығын, Мухаммед оның елшісі екенін мойындау. Намаз ичинде ташаххуда мәнім атымны айғайлар андын соң сәнің атыңны айғайлар – намаз оқу үстінде ташаххуда менің атымды айтар, сосын сенің атыңды айтар (НФ, 3264); *Тахлил//тәхлил* [Г,НФ] – Жаратушыны көтеру, мадақтау (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 64).

Зерттеу нәтижелері

Періштелер аттары көп кездеседі. Періште сөзі екі түрлі вариантта кездеседі. Бірінші кезекте араб тілінен енген *Малак//мәләк* [Г,ХШ,НФ] варианты жиі ұшырасады: Бу тобрақ тәнни тәң қылды малакка – топырақтан жаралғанды періштеге сәйкес етті (ХШ,564). Келесіде парсы тілінен тамыр алған *Фаришта//фәриштә* лексемасы көптеген жазба ескерткіштерде [Г,Мн, НФ,ХШ] қолданылады: Фаришта көрсә болғай сизгә майил – егер періште көрсе, сізге ғашық болып қалар еді (Мн,30161). Қазақ әдеби тілінде *мәләк* нұсқасынан гөрі парсы тілінен енген *періште* сөзі актив қолданыста екенін ескерген жөн. Ал *Мәлік, Мәлика* секілді адам аттары да шығу тегі араб тілі екені белгілі.

Ескерткіште бірнеше періштелер аталады: Соның бірі періштелердің ең беделдісі, Құран кәрімде бірнеше рет аты аталатын, Мұхаммед пайғамбардың досы *Жабрайл* болатын: Андын соң бир қач айғам кәчти хич Жабрайл кәлмәди.. – сонан соң бірнеше күндер өтті Жабрайл келмеді (НФ,6а2). Құран кәрімде ата аталатын, хадистерде кездесетін ардақты періштелердің аттары да «Нахдж әл-Фарадисте» кездеседі. Олар Микаил (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 60) мен Исафил (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 89). Адам ата жұптанып, Хауа ананы алғанда, Исафил мен Микаил некесін қиған періште деген тарихи мәлімет қазақ қоғамына Қашаған сияқты жыраулардың термесі арқылы жетті.

Осы шығармада Алланың әмірімен уақыты жеткен адамның жанын алатын Өзірейіл періште де бірнеше рет аталады (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 90). Оның *Малкул мавт* деген эпитеті де бар. Араб тілінен аударсақ өлім періштесі деген мағына береді. Мысалы, сағын ол күнни ким тутуб нетәр, малак-ул мавт халқыны елгә – сол күнді есіңе сақта, қашан өлім періштесі сенің жағаңнан алады (Г,19612). Хадистерде кездесетін періштелердің де аттары бар: *Мәнкір уа Нәкір* – өлгендерді сұраққа алатын *Мүңкір-Нәнкір* періштелер. *Зөбаниләр* (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 156) – тозақта күнаһарларды азаптайтын періштелер.

Пайғамбарлар аттары да мол. Жазба жәдігерліктерде пайғамбар сөзінің мән-мағынасын дәл беру мақсатында парсы тілінен тамыр алған *пайғамбар*, араб әдеби тілінен кірген *нәби* лексемалары қатарынан, бәсекелесе қолданылады:

Пайғамбар//пәйғамбәр [НФ, Г,ХШ]. Пайғамбар, алланың елшісі. Мәгәр пайғамбарлар билгәй анчақ – тек Алланың елшілері ғана біледі (ХШ,108614); *Наби//нәби* [Г,ХШ] – пайғамбар. Ол табиб бир йыл наби қатында болды – сол дәрігер пайғамбардың қасында бір жыл болды» (Г,8263). Қазақ әдеби тілінде көбіне парсы тілінен енген *пайғамбар* сөзі тұрақтаған және белсенді қолданыста. Ал *нәби* сөзі көбіне адам аттарының құрамында ұшырасады: Нәби, Нәбидолла т.б.

Жәдігерліктер тілінде бірнеше пайғамбар есімдері кездеседі: *Адам, Нух, Йәқуб, Шөгәйб, Муса, Дауд, Ыса (иса), Сөләймән, Жүсіп, Аййуб*. Мысалы, Йәқуб пайғамбар Йусуфны өзгә оғланларыдын зийада сәвәр әрди – Жүсіпті өзгә ұлдарынан гөрі Жақып пайғамбар аса ұнатушы болатын (НФ,17762); Иса алайхи-с-сәлам айтты барғыл бу савданы башыңдан кетәргил йоқса зийан қылурсән... – Иса (с.а.у.) атты бұл пәлені басыңнан жоғалт, ұмыт әйтпесе өзің зиян шегерсің... (Г,94612); Хақ тағала Мусаға хабар берүр тақы сени калимум теб аламда жалва қылмадым му бергенимгә нишә шүкүр қылмазсән теди – Жаратқан Мұсаға түсіндіріп айтты: сені менің досым деп дүние ғаламға паш еттім ғой, осы

еткен жақсығылыма неліктен сабыр етпейсің (НФ,28616); Аййуб пайғамбар аләйхи-с-сәлам Йакуб пайғамбар оғлы Аббасның набирасыдын болған оғул әрди – Аййуб пайғамбар (с.а.у.) Жақып пайғамбардың ұлы Аббастың немересінен туған (НФ, 165а9).

«Нахдж әл-Фарадисте» *Адам* (Ибатов, 1983: 60), *Нұх* (Ибатов, 1983: 48), *Ибрагим* (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 49) пайғамбарларының есімдері біршама көп ұшырасады. *Ибрахимнің* мынадай эпитеттері де бар: *Халилұллаһ* (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 216) – Алланың досы, *Халилурраһман* (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 373) – Мейрімдінің досы. Ибрахим басқа пайғамбарларға қарағанда ерекше құрметпен аталады. Ол жөнінде «Кәма салләйта ғалә Ибрагим» деген сөз тіркестері бар. Өйткені ол үмбеттердің Мұхаммед саллаһу алейһу уа ассаламды игі тілекпен жақсы көріп, жадында сақтауын Жаратушыдан жалбарынып дұға еткен.

Пайғамбарлар аттары қазақ қоғамында ерекше орын алады. Қазақ тіліндегі кісі есімдерінің көпшілігіне пайғамбар аттары негіз болған. *Халиолла, Мұсабек, Жақыпбек* т.б. Рабғұзидың «Қиссас-ул әнбия» жәдігерлігі арқасында XVIII–XIX ғасырларда қазақ жұртшылығының арасында пайғамбарлар туралы, олардың ұлағатты өмірі, жасаған мұғжизалары жөнінде қызықты оқиғаларды баяндаған қисса-дастандар көп тарады. Қазақ халқының діни таным-түсінігінің, білігінің толығыуына жақсы әсер етті. «Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол әулие болмаса, неге қалған?» деп басталатын жырлар қазақ даласының сакралды жерлерінен хабар береді.

Ал *расул* (елші) сөзі тек Мұхаммед пайғамбарға қаратып қолданылады: *расул/рәсул* [Г,ХШ,НФ] – елші, пайғамбар. Тақы мени хақ тағаланың расулы теб ынаның – мен хақ тағаланың елшісімен, наныңыз (НФ,962). Мұхаммед пайғамбар есімі мәтінде *Расуллаһи* (Алланың елшісі)деп те қолданылады және пайғамбар атының алдында *Салләллаһу ғаләйһи уә сәлләм* мақтау эпитеті келтіріліп тұрады: Расул аләйхи-с-сәламның төрт йары өгдүсі – Алла елшісінің төрт жолдасына сансыз мадақ, салауат болсын (ХШ,5619). Алланың елшісінің тарапына қаратып айтылатын эпитеттің бірі *Мұстафа* (таңдаулы) лексемасы да кездеседі: Качан кем Мостафаның мөбәрәк қадәме йиргә инде әрсә Хакдин фәрман килди – Мұстафаның (таңдаулы-)мүбәрәк аяғы жерге тигенде Хактың бұйрығы түсті [НФ,3с309]. Байырғы түркі-қыпшақтар да, бүгінгі қазақтар да Мұхаммед үмбеті болғанына мың шүкірлік етеді.

Ескерткіште адам аттары да жиі кездеседі. Олар негізінен Мұхаммед пайғамбардың серіктері: *Умар, Али, Фатима, Айша, Мәрван, Абусуфиян* т.б. Мысалы, Али айды: захид ол ким әрсә турур ким дүниадын йүз чәв тақы ахиратқа йүз урсә – Али айтты: бұ дүниеден теріс айналып, о дүниеге бет бұрса сопы сол (НФ,75а6); Пайғамбар аләйхи-с-сәлам Айша евингә кирди – Пайғамбар (с.а.у.) Айшаның үйіне кірді (НФ,17а17). Пайғамбар аләйхи-с-сәлам Абусуфиянқа назар қылды – Пайғамбар (с.а.у.) Абусуфиянға қарады (НФ, 2566). Абусуфиян Меккелік ірі саудагер. Мұхаммед пайғамбардың діни ұстанымдарына қарсы шығып, көп кедергілер келтірген. Кейін ислам діні кең тарала бастағаннан кейін, мойынсұнып, Мұхаммед пайғамбармен достасқан. Мұхаммед пайғамбардың серіктері мен жақын адамдарының атының алдында *радый Аллаһу ганһу* (оларға Алла риза) эпитеті қолданылады.

Жәдігерлік тілінде адам есімдеріне *аб* (әке), *умм* (ана), *ибн* (ұлы), *бинт* (қызы) қосымшалары қосылып та айтылады: *Абу Бакір* (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 96) – Бәкірдің әкесі. Мысалы, Абубәкр айды: әгәр сән бу бахаға бермәсмән тесә әрдің тақы зийада қылғай әрдим – Абубәкір айтты: егер сен осы бағаға бермесен, мен тағы да қосайын (НФ,49612). Бұдан басқа да көптеген есімдер кездеседі: *Абу Талиб* (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 320) – Талибтің әкесі, *Уммеғәлсум* (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 118) – Гулсімнің анасы, *Ибн Ғимран* (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 123) – Ғимранның ұлы, *Фатима бинт Мұхаммед* (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 126) – Фатима Мұхаммед қызы. «Нахдж әл-Фарадис» ескерткішінде Алла елшісінің асыл жары Айшаны дәріптеп, мадақтап айтатын *Уммұль-муьминин* (Мәхмүд әл-

Болгари, 2002: 211) тіркесі ұшырасады. Мағынасы: ислам дінін мойындап, танып, сәждеге бас игендердің, күллі мүміндердің анасы.

Жазба ескерткіштерде адамға қатысты басқа да сөздер ұшырасады. Мәселен, «қыз» мәнін беретін арабтың *бинт* сөзімен жарыспалы түрде түркі-қыпшақтардың *қыз* сөзі де кездеседі: Бір әркәк тақы биір қыз айал тоғурур әрди – асыл жар бір қыз және бір ұлды дүниеге әкелді (НФ,16964).

Жошы Ұлысы дәуірінде хатқа түскен мұрағаттар тілінде діни мғынаны бойына сақтаған лексемалар өте мол. Солардың бір тобы мұсылман күнтізбесіне қатысты уақыт атаулары. Әсіресе ай аттары ерекше қолданыста: *сафар* - мұсылман күнтізбесі бойынша екінші ай (ХШ,117а6); *раби ал-аввал* - мұсылман күнтізбесі бойынша үшінші ай. Пайғамбар раби ал-аввал айының он ичинч күн дүшәнбә күн тоғды – Пайғамбар раби ал-аввал айының он екінші күнін де дүйсені күні (екінші күн) туды [НФ,3а10]; *Зу-л-хиджа* [НФ] – мұсылман күнтізбесінің он екінші айы. Зу-л-хиджа айының он сәксинч күн жума күн әрди – зулхиджа айы еді, жұма, он сегізінші күн (НФ,69а8); *Рамазан* [Г,НФ] – Мұсылман күнтізбесінің тоғызыншы айы. Рамазан айының йигирминч күн әрди – рамазан айының жиырмасыншы күні еді (НФ,78а4). *Жумға* сөзі «Гүлстан бит-түрки» мен «Нахдж әл-Фарадис» ескерткіштерінде көп кездеседі: Амар жұмға намазы қылу билмәди – Амар жұма намазын оқи алмады [НФ,54а8].

Орта түркі дәуірі жәдігеріктерінде киелі шығармалардың атаулары да ұшырасады: *Тәурат* (Тора), *Инжил* (Библия), *Зәбур* (Псалмы, Псалтырь), *Әл-Коран* (Құран). Діни-дидактикалық жазбаларда Құранның ауыспалы мағынадағы атаулары эпитет ретінде берілетіні байқалды: *Кәламулл -Алла сөзі*, *Әл-Мосхаф* – Бағалы орама қағаз, *Кәләм-л-мәжид* – Асыл сөз, *Әл-Фурқан* – Жақсы мен жаманның айырмасы. Құранға қатысты сөздер: *айат*-аят, *сүрә*-сүре, *назил*, *назил булмақ* – жіберілген, түскен. Исламда құранды *жазылған* деп айту білімсіздіктің белгісі, оның орнына Құран *Алладан жіберілген, түскен* деп әдіптеп, мақтап айтқан жөн.

Құран-кәрімді қарағаттап оқу әрекетін сипаттаған бірліктер жиі кездеседі. Жазбалар тілінде парсыдан тамыр алған *намаз* сөзімен қатар араб тілінің *ассалят* сөзі де ұшырасады: Тақы беш намазны қылулар – сонымен қатар бес рет намаз оқиды (НФ,153б15). Қазіргі қазақ тілінде *ассалят* сөзінен гөрі *намаз* сөзі жиі айтылады, шет жұрттың сөзі екені ұмытылып, сіңіп кеткен.

Дұға, *дұға қылды* (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 146) лексемалары жиі қолданылып, синонимдік қатар түзеді: *Дуға* [Г,Мн,ХШ, НФ] араб тілінен енген сөз. Хақ тағала дұғаңызны мустажаб қылды – Алла тағала біздің дұғамызды қабыл етті (НФ,37а13).

Сәждеге ас иген, мұсылманшылық әрекетті білдіретін басты лексемалардың бірегейі араб тілінен енген *азан* – намазға шақыру (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 42), *гұсыл* – толық жуыну (Мәхмүд әл-Болгари, 2002: 44) бірліктері жиі қолданыста: Пайғамбар аләйхи-с-сәлам Айша евингә кирди тақы ғусл қылды – Пайғамбар, оған Алланы мақтауы болсын, Айшаның отауына енді және тазаланды (НФ,17а17).

Сейф Сарайидың «Гүлстан бит-түрки» шығармасында араб тілінен тамыр алған тазалану мәніндегі *тәһарәт* лексемасы ұшырасады: Бір күн ол азиз Димашқ жамии ичиндә калласа биркасында тахарат қылу еди – бір күні ол Дамаск мешітінде жолаушылар су ішетін құдыққа жуынды (Г,7б15). Бағзы бір жазбаларда парсы тілінен кірген *абдәст*, *абдәст қылу* бірліктері қолданылады: Пайғамбар ол сув бирлә абдаст қылды – Пайғамбар осы сумен тазаланды (НФ,23а2).

Орта ғасырлық ескерткіштерде «жайнамаз» мәнін беру үшін *сажадатун* және *мусалла* бірліктер ұшырасады. Дегенмен араб тілінде *мусалла* сөзі «намаз оқитын орын, бөлме» деген мағына береді. Мысалы, *Сәжжәдә* (араб т.: *сажадатун* – «жайнамаз», «намаз оқитын кілемше») кәмишеп, әлгингә гаса алып, Барсыйсаның саумагәсынға килде – Қолына

жайнамазын алып, аса таяғын ұстап, Барсисаның бөлмесіне келді [НФ, 36с310]; Чықты, мосалла (араб.т.: мусалла – намаз оқитын орын) жәйде, тәкый ике рәкәғат намаз уқыды – Шықты, жайнамазын төседі және екі рақәғат намаз оқыды [НФ,3с185]. Қазақ тілінде жайнамаз діни тілдік бірлігі екі сөздің бірігуінен қалыптасқан.

Қажылыққа қатысты терминдер де мол. Олар *хаж* (қажылық), *хаджджат-ул-вида* (қоштасу қажылығы). Мысалы, *Хаж* [НФ]. араб. Қажылық (құлшылық үшін Меккеге бару). Андын соң пайғамбар аләйхи -с- сәлем Маккаға ғазым қылды хаж қылмақ үчүн бу хажга хажжат-ул-вида тейнүр аның үчүн ким пайғамбар алайхи-с-сәламнуң соң хаж қылғаны бу әрди – Одан кейін пайғамбар (с.а.у.) Меккеге қажылыққа барды, бұл қажылық хадждат-ул-вида (қоштасу қажылығы) деп тарихта атауы қалды, өйткені бұл сапар Алла елшісінің соңғы қажылығы еді (НФ,4262). Араб тілінде *хаджи* (ер тегі), *хаджия* (әйел тегі) (Баранов, 2003: 156) – қажылық міндетін атқарған жан.

Қажылық әрекетін атқарудың әр қыры «Нахдж әл-Фарадисте» тамаша және түсінікті айтылған: *Уқуф* сөзі Арафат тауына шығу мәнін береді. Ол қажылықтың басты ритуалы. Көпше түрде жасалған бұл сөздің түбірі *уақф* екі мағына береді. Біріншісі, қайырымдылық мақсатқа арналған зат. Екіншісі, шығу, тұру, аялдау (Баранов, 2003: 907). Махмуд әл-Булғари, әл-Кердерінің еңбегінде екінші мағынасы қолданылған: Арафа күн жумла хажиләр Арафа тағына укуф қылмышында пайғамбар аләйхи-с-сәлам минбарға мунды – Күллі тәу етушілер, қажылыққа үміткерлер Арафа тауына көтерілгенде Алла елшісі мінберге шықты» (НФ, 43а5).

Бұдан басқа, «жүру, айналып өту» мәнін білдіретін, көпше түр тұлғасында қолданылған *тауаф* лексемасы ұшырасады: Хамиша хатирим тиләмиштә аршқа тауаф қылур әрдим – жан дүнием қалаған уақытта тақты айналып жүрдім (НФ,19617). Яғни Қағбаның жеті рет айналып өту мағынасын беру үшін қолданылады.

Жазба ескерткіштерде «құрбандық шалу» мағынасындағы *қурбан* [Г,Мн,ХШ,НФ] сөзімен қатар *қурбан байрам*, *қурбан ет*, *қурбан қыл* тіркестері көптеп ұшырасады: Мән муны қурбан байрамында Басра шахрында көрдүм – «Мән оны құрбан айт тұсында Басра шаһарында көрдім (Г,42а5). «Нахдж әл-фарадисте» *йамуннәхер* (құрбандық шалу күні) лексемасы да қолданылады.

Алланың жолында қажылық етуге барғанда күллі мүміндердің оранатын ақ жамылғысының атауы «Нахдж әл-Фарадисте» араб тілінен енген *ихрам* және парсы тілінен енген *изар* тұлғалары жарыса қолданылады: Тақы тонларыны чықарды ихрам кәзди – үстіндегі лыпаларын шешіп, Алла жолындағылардың жамылғысына оранды(НФ,1968); Бу арада изары чишелде – оның осы мезетте үстіндегі изары сырғыш түсті (НФ,114а6). Сонымен мұсылманшылық киімнің бір үлгісі хижаб сөзі де қолданылады: Ибрахим пайғамбардын хижабларны (араб.т.: хижабун, жабынды, жапқыш, шілтер, қабырға) кетәрди – Ол Ибрахим пайғамбардың жамылғышын шешті [НФ,110а14].

Орта ғасырлық жазба ескерткіштерде, әсіресе діни-танымдық бағыттағы «Ортаазиялық тәпсір» мен «Нахдж әл-фарадисте» араб тілінен тамыр тартқан, мұсылманшылық білім мен білікті, рухани-мәдениетті білдіретін лауазым атаулары кездеседі. Мысалы, *муаззин* – азан шақырушы. Бу муаззин қачан ким азан оқымақ үчүн мунараға минәр болса бақар әрди – Бұл азаншы таңғы намазға шақыру үшін мұнараға шыққан уақытында байқар (НФ,183а8). *Мухтасиб* – «бақылаушы» мәнінде қолданылады: шайх айды: мән мухтасиб турурмән – шейх айтты: мән бақылаушымын (НФ,154610). *Хатиб* «құтпа оқушы, уағызшы» мәнін береді: Бир қарих үнли хатиб бар еди – әуезі құлаққа жағымсыз құтпа оқушы болатын (Таф I,110а11). Бұдан басқа *имам*, *уағыз* (уағыз айтушы), *әнсар* (көмекші, яғни Мұхаммедтің Мәдиналық серіктері) және *әмирул-мәэминин* (барлық дінге сенушілердің көсемі) тілдік бірліктері көптеп кездеседі.

Түркілік діни лексика. Орта түркі дәуірі, Алтын орда тұсындағы әдеби көркем, діни-танымдық шығармалар мәтініндегі діни лексика араб-парсы мәдениетінің ықпалымен орнықты деп біржақты пікір білдіруге болмайтынын да ескеру қажет. Түркітанушы ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, XIII ғасырларда Еуразия кеңістігінде біртұтас орта түркі жазба тілі бой түзеген болатын. Осы орта түркі тілінің өз ішінде қыпшақтық және оғыздық сипаттағы диалектілік қанаттары болды. Дешті Қыпшақтың ұшан қиыр даласының әр қиырында дүниеге келген жазба мұралардың бірінде қыпшақ бірліктерінің салмағы басым болса, енді бірінде оғыздық сөз саптаулар басымырақ болды. Алтын орданың билік басындағы әулеттер сарайда орта түркілік тілдің қыпшақтық сипаты басым вариантын ресми қолданған. Жошы ұлысы – Алтын орда империясы түркі-монғол тектес ру-тайпаларға ортақ отан болғанымен, қыпшақ тайпалары титулды, мемлекет құраушы ұлт күзіретінде болғандықтан, осы кезеңде көне қыпшақ тілі белсенді өмір сүрді деп тұжырымдауға негіз бар. Сайып келгенде жазба мұралардағы діни танымдық лексемалардың бір тобы жалыптүркілік сөз саптаулардың ықпалымен қалыптасты. Сонымен қатар сол тілдік бірліктер қазіргі қазақ тілінің негізгі сөздік қорындағы мұсылманшылық біліктің, имандылықтың, рухани-мәдени құндылықтардың жаршысы болып тұр.

Мысалы, *Йаратқан* – Жаратушы, құдай. Үкүш йыллар йаратқан бақи тутсун – Жаратқан ұзақ өмір берсін (Мн,295а5); *Йаратғучы* – жаратушы. Йаратғучы ол бу инс-у жанны – ол бұл тіршілік пен жанды жаратушы (XIII,70611). Ежелгі көне түркі тілінен қолданылып келе жатқан жоқтан бар жасау, жарату мағынасындағы *йара-*, *йарат-* етістіктерінен жасалған осы лексема қазіргі қазақ тілінде де «Жаратушы, Бір құдай» деген мәнінде ұшырасады. Қазіргі ұйғыр тілінде *йаратқучи*, өзбек тілінде *яратувчи* формалары кездеседі. Сонымен қатар қазіргі заманғы тірі түркі тілдерінде ұшыраспайтын «тылсым күдірет иесі, тудырушы, жасаушы» мәніндегі байырғы лексема *уған* сөзі қолданылады: Шах уғандын тиләди бир оғул – патша жасағанан ұл сұрады (XIII,8а5). Көне түркі тілінде жиі қолданылатын «барлық нәрсені істей алу» мағынасындағы *ұ-/у-* етістігі осы сөздің түп-төркіні болуы ықтимал (Древнетюркский словарь, 1969: 36).

«Елші, хабаршы» мағынасындағы *йалавач* тұлғасы сол уақыттарда жазба мұраларда кеңінен қолданылған: Мухаммад ким йалавач әрди хақдын – Мұхаммед құдайдың елшісі болатын (XIII4а6). М.Қашқари сөздігінде «пайғамбар» мағынасы да бар (Қашқари, 1960: 97). Бүгінгі түрік тілінде *yalavaç* сөзі «жаушы, хабаршы, қуғыншы, пайғамбар, елші» мағынасында қолданылады. Дегенмен бұл тілдік бірліктің шығу төркіні туралы әрқилы пікір айтылғанмен, ғылымда нақты тұжырым берілген жоқ. М.Рясянен *йалаваш* тұлғасының негізі *йала-* етістігі деп жорығанмен *-ваш* қосымшасы туралы еш нәрсе айтпады. Дж.Клосон *-ваш* жұрнағының тегі парсылық деген ой білдірді. Г.Дерфер бұл сөздің құрылымына қарап шығу тегі түркілікке дейінгі титул деп жобалады (Севортян, 1974: 89). Біздің ойымызша, бұл тұлға екі сөздің бірігуінен жасалған. Бірінші компоненті «сұрау, өтіну» мағынасындағы *йала-* етістігі. Сөз басындағы *й-*дың қай тілдерде өзгертіні белгілі. Мәселен, тува тілінде *чала-*, монғол тілінде *узала-* «өтіну, шақыру» мағынасында қолданылады. Ал *баиш* есім сөз. Ежелгі түркі тілінде тоғыз түрлі мағынасы бар: бас (адамның басы), бастық, басшы, елбасы, жауапкершілік т.б. Яғни *йалаваш* – «бас өтінуші» (Сабыр, 2021: 293).

Сонымен қатар бүгінгі қазақ тіліндегі лексемалармен мән-мағынасы толық сай келетін көптеген діни танымдық тілдік бірліктерді кездестіреміз. Атап айтсақ, *бут*// *бүт* [НФ, XIII] – пұт, *ышанч* [XIII] – наным-сенім, *йүкүн-* [XIII, Таф I]. – жүгін-, бағын-, *қут* [XIII]. – бакыт, ұлылық, құт, несібе, тәңірдің сыйы, *йазуқ* [Г,НФ,ХIII] – күнә, *йазуқлуг* [НФ,ХIII] – кінәлілер, *изи* [НФ,ХIII] – қожайын, құдай, *елчи* [НФ,ХIII] – елші, хабаршы, *қуллық* [Г,НФ,ХIII] – құлдық, қызмет қылу, *сығын-* [Г,ХIII,НФ] – сыйыну, бағыну, *бағышла-* [Г,Мн,НФ,ХIII] – сыйлау, кешіру, бағыттау, арнау, *қол-* [НФ,ХIII] – сұрау, өтіну, жалбарыну, *табун* – [НФ,ХIII] – табыну, сыйыну, мойын ұсыну, шану, *йарлықа-//йарлықа* [Г,НФ,ХIII] –

күнәларын кешіру, жарылқау, аяу, аз- [Г,ХШ,НФ] – адасу, тура жолдан таю, діннен безу, қателесу.

Аталған тілдік бірліктердің кез-келгенін этномәдени және діни-танымдық жолмен, мұсылманшылық көзқараспен зерделеуге мүмкіндік мол.

Мәселен, орта ғасырлық жазба ескерткіштерде *изи* сөзі «ие, қожайын, құдай» мағынасында қолданылады: *Изи* атын тута ант ичти Ширин – Құдай атымен Шырын ант ішті (ХШ,35613). Осы лексеманы байырғы түркі жазбаларында *иду//ие//иге* формалары да бар. Жыраулар шығармашылығында кездесетін «Егемен болмай ел болмас...» тіркесіндегі егемен сөзінің түбірі де осы *ие//еге*. Осындай діни тілдік бірліктерді тарихи-салыстырмалы тұрғыдан талдаған сайын олардың ұлттың рухани тарихы мен этномәдениетіне қатысты айшықты тұстары айқындала береді.

Қорытынды

Дешті Қыпшақ даласындағы Ұлық ұлыс Жошы ұлысы, Ноғайлының ауыр жұрты деп аталғанмен Патшалық Ресейдің түркітану ғылымында, Кеңестік тарихнамада Алтын орда деген атпен ғылыми айналымға түсіп, келелі пікірлер айтылған. Сол замандарда қаншама зерттеулер жүргізіліп, қат-қабат монографиялық еңбектер жазылғанмен қазақ жұрты бұл ұлы империядан, оның тарихи даму үдерістерінен тыс қалды, тыс қарастырылды. Бүгінгі Жаңа Қазақстан жағдайында ежелгі түркі-қыпшақтардың негізгі отаны болған Жошы Ұлысы бүгінгі заманғы қазақ мемлекеттігінің түп бастауы ғана емес, рухани, этномәдени құндылықтарының асыл арнасы деп тұжырымдауға болады. Сайып келгенде, осы ұлы мемлекеттің дәуірлеп тұрған кезеңіндегі айналымға түскен жазба жәдігерліктердің лексикалық қорындағы діни танымдық бірліктерді зерделеу де көкейкесті мәселе. Кейінгі қазақ әдеби тілінің қалыптасуына игі ықпал еткен жазба мұралар орта түркілік көне қыпшақ тілінде жазылып, өз мәтіндерінде қазақ ұлтына тән рухани-мәдени ақпараттарды бойына сақтаған. Солардың басты бір тобы – діни лексикалық бірліктер. Діни лексикалық бірліктердің басым тобының түп-төркіні араб-парсы тілінен тамыр алғандығы белгілі және мәдени-рухани сабақтастықтың көрінісі.

Жошы негізін қалаған Ұлық ұлыс Берке хан тұсында ислам дінін ресми қабылдап, Мысыр Мамлук мемлекетімен саяси қарым-қатынас орнатылып, ислам мәдениеті арқылы ғылым-білімнің тірегі араб тілі, поэзияның жауһар кестесі парсы тілі түркі-қыпшақ мәдениетіне дендеп ене бастады. Араб-парсы тіліндегі әдеби, діни шығармалар, хадистер, пайғамбар туралы хикаялар ел ішіне көптеп тарайды. Шығыс мәдениетімен, ғылым-білімімен сусындған орта ғасырлық түркі шайырларының жазбаларында араб-парсы элементтерін қолдануы заңды құбылыс. Бұл кірме сөздер орта түркілік жазба тілдің қалыптасуына және сол тілде сөйлеген халықтың мұсылманшылық көзқарасының нықталуына оң ықпал еткенін жоққа шығара алмаймыз. Бірер дерек келтірсек, жазба мұрағаттарда араб тілінен алынған «садақа беру, құрбандық шалу» мәніндегі *тасаддуқ* лексемасы ұшырасады: Жумласыны кәлгәнләркә ата қылды тасаддуқ – ол қолындағы бар мүлкін келгендерге садақа ретінде таратты (НФ,100612). Осы сөз қазіргі қазақ тілінде *тасаттық* формасында қолданылады. *Тасаттық* – көктен жаңбыр тілеп, құдайға сыйынатын діни рәсім. Әлі күнге дейін құрғақшылық жылдары ел болып атқарылып келе жатқан игі шара. Көктен жаңбыр тілеу әрекетінде тәңіршілдік дүниетаным іздері бар. Осы әрекеттің өзі байырғы қыпшақ және бүгінгі қазақ дүниетанымында діни таным мен тәңіршілдік астасып, симбиоздық сипат алған халықтық дағды-дәстүрге айналғанын көрсетеді. Далалық өркениет, халықтық таным түсініктер, шариғаттың қатаң қағидаларының ығында қалып қоймағанын байқаймыз.

С.Өтебеков осындай мәселелерді зерделеген еңбектерде негізінен араб-парсы тілдерінен енген діни сөздерге көңіл бөлініп, діни терминдердің түркілік қабаты ескерусіз қалатынын ескертеді (Өтебеков, 2021: 39). Жошы ұлысы дәуіріндегі жазба мұралар тіліндегі

діни лексиканың мол тобы осы түркілік қабат. Мәселен, *изи* – ие, еге, *йаратқан* – жаратқан, *бағышла* – сыйыну, *йүкүн* – жүгін т.б. сөздер сол дәуірде өмір сүрген байырғы қыпшақтар мен бүгінгі қазақ ұлтының сабақтасып, үзілмей жалғасқан біртұтас рухани және этномәдени дүниетанымынан толық хабар береді.

Әдебиеттер:

Тоқаев Қ.К. Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. 2024. 15 наурыз.

Наджиб Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века “Гулистан” Сейфа Сарай и его язык. Алматы: Наука, 1975. Ч. 1. 208 с.

Сағындықов Б. XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы. АҚД. Алматы, 1977. 129 б.

Керімұлы Ә. Түркі әдебиеті ескерткіштеріндегі сөз жасайтын жұрнақтар. Алматы, 1999. 109 б.

Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. Алматы: Ғылым, 1983. 145 б.

Сабыр М.Б. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы. Алматы: «Libeg» баспасы, 2021. 464 б.

Мансұров Н.Б. Ясауи хикметтеріндегі араб, парсы кірме сөздерінің орын алуы // Ясауи университетінің хабаршысы. 2023. №3 (129). Б. 38-52. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.03>

Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. Л., 1927. 256 с.

Боровков А.К. Лексика Среднеазиатского тевсира XII-XIII вв. М., 1963. 365 с.

Наджиб Э. Об авторе и дате создания памятника XIV века «Нахдж-ул Фарадис» // TURCOLOGIA (к 70-ию акад. А.Н.Кононова). Ленинград: Наука, 1976. 364 с.

Көпрулу Ф. Түркі әдебиетінде алғашқы сопы-ақындар. Түркістан: Тұран, 2017. 176 б.

Мәхмүд әл-Болғари. Наһжел-фарадис. Казан: Татар. кит. нәшр., 2002. 384 б.

Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. В 2 томах. 1 том. М.: Живой язык, 2003. 456 с.

Древнетюркский словарь. Ленинград: «Наука», 1969. 677 с.

Қошқари Махмуд. Девони луғот ит-түрк (Таржимон ва нашрга тайерловчи С.М.Муталибов). Т. I-III. Тошкент, 1960-1963.

Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Кн. I-IV. Москва: Наука, 1974-1989.

Өтебеков С. «Диуани хикметтегі» діни терминдердің түркілік қабаты (Көкшетау нұсқасының негізінде) // Ясауи университетінің хабаршысы. 2021. №3 (121). Б. 39-56.

References:

Toqayev Q.K. «Adal adam – Adal enbek – Adal tabys». Memleket bacshysy Qasym-Jomart Toqayevtyн Ultyyq quryltaidyң ushinshy otyrysynda soilegen sozy [«Honest person» - Honest work - Honest income». Speech of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev at the third session of the National Assembly] // Egemen Qazaqstan. 2024. 15 nauryz (in Kaz.)

Nadzhip Je.N. (1975) Tjurkojazychnyj pamjatnik XIV veka “Gulistan” Sejfa Sarai i ego jazyk. Almaty: Nauka, Ch. 1. 208 s. (in Rus.)

Sagyndyqov B. (1977) XIV gasyrdagy turki jazba eskertkishterinin salystyrmaly leksikasy. AKD. Almaty, 129 p. (in Kaz.)

Kerimuly A. (1999) Turki adebieti eskertkishterindegi soz jasaityn jurnaqtar. Almaty, 109 p. (in Kaz.)

Ibatov A. (1983) Sozdin morfologialyq qurylymy. Almaty: Gylym, 145 b. (in Kaz.)

Sabyr M.B. (2021) Kone qypshaq tili men qazaq tilinin fono-morfo-semantikalyq sabaqtastygy. Almaty: «Liber» baspasy, 464 p. (in Kaz.)

Mansurov N.B. Iasau hikmetterindegi arab, parsy kirme sozderininoryn aluy [The appearance of Arabic and Persian words in the “Hikmets” of Yasawi] // Iasau universitetinin habarshysy. 2023. №3 (129). P. 38-52. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.03> (in Kaz.)

Bartol'd V.V. (1927) Istorija kul'turnoj zhizni Turkestana. L., 256 p. (in Rus.)

Borovkov A.K. (1963) Leksika Sredneaziatskogo tefsira XII-XIII vv. M., 365 p. (in Rus.)

Nadzhip Je. Ob avtore i date sozdaniya pamjatnika HIV veka «Nahdzh-ul Faradis» // TURCOLOGIA (k 70-iju akad. A.N.Kononova). Leningrad: Nauka, 1976. 364 s. (in Rus.)

Koprulu F. (2017) Turki adebietinde algashqy sopy-aqyндar. Turkistan: Turan, 176 p. (in Kaz.)

Məhməd əl-Bolgari. (2002) Nahzhel-faradis. Kazan: Tatar. kit. nəshr. 384 p. (in Rus.)

Baranov H.K. (2003) Arabsko-russkij slovar'. V 2 tomah. 1 tom. M.: Zhivoj jazyk, 456 s. (in Rus.)

Drevnetjurkskij slovar' (1969) Leningrad: «Nauka», 677 s. (in Rus.)

Қошқари Mahmud. Devoni luғot it-tyrk (Tarzhimon va nashrga tajerlovchi S.M.Mutalibov). T. I-III. Toshkent, 1960-1963 (in Rus.)

Sevortjan Je.V. Jetimologicheskij slovar' tjurkskih jazykov. Kn. I-IV. – Moskva: Nauka, 1974-1989. (in Rus.)

Otebekov S. «Diuan hikmettegi» dini teriminderdin turkilik qabaty (Kokshetau nusqasynyn negizinde) // Iassau universitetinin habarshysy. 2021. №3 (121). P. 39-56. (in Kaz.)

¹Сабыр М.Б. ²Раманова А.А. ³Магауова А.

^{1,2}Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет,
Уральск, Казахстан

³Западно-Казахстанский аграрно-технический университет,
Уральск, Казахстан

e-mail: ¹sabir_uralask@mail.ru, ²ramanova2008@mail.ru, ³magauova.aigul@mail.ru

ДУХОВНО-КУЛЬТУРНЫЙ ХАРАКТЕР РЕЛИГИОЗНОЙ ЛЕКСИКИ В ЯЗЫКЕ ПИСЬМЕННОГО НАСЛЕДИЯ ЭПОХИ УЛУСА ДЖУЧИ

Аннотация. В статье рассматриваются духовно-культурные аспекты религиозной лексики в письменных памятниках эпохи Улуса Джучи, а именно в поэмах Кутба «Хусрау и Ширин», Сейфа Сараи «Гюлистан бит-турки», Хорезми «Мухаббат-наме», «Среднеазиатский тафсир» и в прозаическом произведении Махмуда бин Али аль-Булгари аль-Кердери «Нахдж аль-Фараидис». Основная цель исследования – изучение духовно-культурных процессов, повлиявших на историю и культуру Улуса Джучи и на последующее становление казахского этноса как нации, на основе средневековых письменных памятников. С этой целью религиозные лексические единицы были выделены из текстов и проанализированы. Религиозная лексика, основанная на арабско-персидских заимствованиях, описана в этнокультурном контексте как влияющая на формирование письменного литературного языка среднетюркской эпохи и укрепление мусульманских традиций среди народов, говоривших на этом языке. Религиозные языковые единицы были разделены на несколько лексико-семантических групп и исследованы.

В ходе исследования было установлено, что определенный пласт религиозной лексики сформировался на основе этого тюркского языка, что подтверждено языковыми данными.

Применяя историко-сравнительные методы, были проанализированы такие слова, как «йаратқан», «уган», «изи», «йалаваш» и другие. Полностью установлено, что религиозные языковые единицы, выражающие духовно-культурные устои и сохраняющиеся на протяжении веков, являются этнокультурным отражением нации, также видимые в современном казахском языке.

Благодарность: Статья написана в рамках проекта Комитета науки МНВО РК «Язык письменных памятников Средневековья – мир духовных и культурных ценностей» (AP19679282).

Ключевые слова: Улус Джучи, письменные памятники, религиозная лексика, этнокультура, кипчаки, арабско-персидский язык.

¹Sabyr M.B. ²Ramanova A.A. ³Magauova A.A.

^{1,2}West Kazakhstan Innovative and Technological University, Uralsk, Kazakhstan

³West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan,
Uralsk, Kazakhstan

e-mail: ¹sabir_uralsk@mail.ru, ²ramanova2008@mail.ru, ³magauova.aigul@mail.ru

THE SPIRITUAL AND CULTURAL NATURE OF RELIGIOUS VOCABULARY IN THE LANGUAGE OF THE WRITTEN HERITAGE OF THE ERA OF ULUS JOCHI

Abstract. The article examines the spiritual and cultural aspects of religious vocabulary in the written monuments of the Ulus of Jochi era, specifically in the poems of Qutb «Khusraw and Shirin», Sayf Sarai «Gulistan bit-turki», Khwarazmi «Muhabbat-nameh», «Central Asian Tafsir», and the prose work of Mahmud bin Ali al-Bulgari al-Kerderi «Nahj al-Faradis». The main objective of the research is to study the spiritual and cultural processes that influenced the history and culture of the Ulus of Jochi and the subsequent formation of the Kazakh ethnos as a nation, based on medieval written monuments. For this purpose, religious lexical units were extracted from the texts and analyzed. The religious vocabulary, based on Arabic-Persian borrowings, is described in an ethnocultural context as influencing the formation of the written literary language of the Middle Turkic era and the consolidation of Muslim traditions among the peoples who spoke this language. The religious lexical units were divided into several lexical-semantic groups and studied.

The study established that a certain layer of religious vocabulary was formed on the basis of this Turkic language, confirmed by linguistic data. Using historical-comparative methods, words such as «yaratqan», «ugan», «izi», «yalavash», and others were analyzed. It was fully established that the religious lexical units, which express spiritual and cultural values and have been preserved throughout history, are an ethnocultural reflection of the nation, also visible in the modern Kazakh language.

Acknowledgment: The article was written within framework of Science Committee project MSHE RK «The language of written monuments of the Middle Ages is the world of spiritual and cultural values» (AP19679282).

Keywords: Ulus of Jochi, written monuments, religious vocabulary, ethnoculture, Kipchaks, Arabic-Persian language.

Сведения об авторах:

Сабыр Мурат Бокенбайұлы, д.филол.н., профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан.

Раманова Айгул Абибуллаевна, к.филол.н., ассоциированный профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан.

Мағауова Айгуль Тиллеккалиевна, преподаватель, Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, Уральск, Казахстан.

Авторлар туралы мәлімет:

Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы, филол.ғ.д., профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан.

Раманова Айгул Абибуллаевна, филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан.

Мағауова Айгуль Тиллеккалиевна, оқытушы, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал, Қазақстан.

Information about authors:

Sabyr Murat Bokenbayuly, Doctor of Philology, Professor, West Kazakhstan University of Innovation and Technology, Uralsk, Kazakhstan.

Ramanova Aigul Abibullaevna, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the West Kazakhstan Innovative and Technological University (Uralsk, republic of Kazakhstan, Uralsk, Kazakhstan).

Magauova Aigul Tillekkalievna, lecturer, Zhangir khan West Kazakhstan agrarian and technical university, Uralsk, Kazakhstan.